

«Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК медицина және әкімшілік
қызметкерлерімен өткізілген жиналыс **Хаттамасы**

Абай ауылы

№1

26.01.2023ж.

Сағат 16.00-16.30.

Төраға:
Хатшылықта

Б.Сланов
Н.Мадиева

Қатысушылар: «Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК медицина, әкімшілік-басқару бөлімі қызметкерлері, барлығы – 30 адам.

Күн тәртібінде:

«ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.11.2015ж.
Заңының талаптарын талқылау

Жиналысты кәсіпорын басшысы Б.Сланов ашып, «ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.11.2015ж. Заңының талаптарын талқылап, қызметкерлерді таныстырып, түсіндіру үшін кәсіпорынның заңгері Б.Жунисовқа сөз берді.

Б.Жунисов өз сөзінде: Елімізде 2015 жылдың 18-қарашасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданды.

Осы жаңадан қабылданған Заңның 1-бөлігінің 6)-тармағында сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу деп түсіндірме берілген.

Қарапайым тілмен айтқанда, сыбайлас жемқорлық бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не пара беру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта саяси дамуына қарамастан әлемнің барлық елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да өмір сүруді жалғастыруда, тек ауқымымен ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму процесін, нарықтық экономика құрылысын, инвестиция тартуды тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес негізгі терминдердің бірі ретінде анықталған сыбайлас жемқорлық латын тілінен «*corruptio*» сөзі мағынасына қарай «Мемлекет

ағзасының, қоғамдық қатынастардың бұзылуы» дегенді білдіреді. «Сатып алу» терминінің мәні ретінде – әдетте лауазымды адамның өз биліктік өкілеттіктерін және өзіне сеніп тапсырылған құқықтарын алдау, қорқытып алу, сөзбұйдаға салу жолымен Қазақстанда мемлекеттік саясат басымдықтарының заңнамасы мен моральдық нормаларына қайшы келетін пайдалануын білдіретін термин.

Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлықты жеңу мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан, Президент Қ.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында, Стратегиясында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты мемлекеттің басым бағыттарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті атады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңның басты мақсаты мен міндеті қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық - ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіретін қоғамымыздың ең басты қауіп-қатерлерінің бірі болып саналады. Сондықтан да оны болдырмау, алдын-алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар іске асырылуда.

Осы бағытта алдына үлкен мақсаттар қойған елдің жемқорлықты жеңуге деген ықыласы да, пәрмені де мықты болуы керек.

Атап айтқанда, мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың үстіміздегі жылдың 2-ақпандағы №802 Жарлығымен 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы бекітіліп, қолданысқа енгізілгендігін, Ол тұжырымдамада сыбайлас жемқорлықпен күресуге арналған ауқымды шаралар қарастырылған. Концепциядағы **басты жаңалықтардың** бірі - негізсіз баюға жауапкершілік енгізу, шетелдегі активтерді қайтару, заңды тұлғалардың жемқорлық үшін жауапкершілігін арттыру және «Integrity check» адалдыққа тексеруді енгізу болып табылады.

Сол себепті, ұжымда тұжырымдама талаптарын түсіндіру жұмыстары өткізіліп жатқанын. Атап айтқанда, бүгінгі күні облысымыздың білім беру және денсаулық сақтау салаларында қызметкерлерден заңсыз ақша жинау мәселесі өзекті болып отыр. Бұл мәселенің аталған салаларда жүйелі түрде жалғасып келе жатқаны туралы түрлі ақпараттар әлеуметтік желілерде де жиі жариялануда.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарымен қызметкерлерді таныстырып, сыбайлас жемқорлық көріністері

орын алған жағдайда қызметкерлер қылмыстық, әкімшілік жауапкершіліктерге тартылатын болады.

Сонымен бірге, денсаулық сақтау саласында «Тұрмыстық» жемқорлық-бұл азаматтардың санасында қалыптасқан, сондай-ақ, медицина қызметкерлердің медициналық персоналының көрсететін, азаматтардың медицина қызметкерлеріне шағын сыйлықтар, ақшалай сома түрінде алғыс біодіру, көптеген адамдардың күнделікті өмірдің өзара қарым-қатынасының міндетті атрибуты ретінде қабылданатын жемқорлық.

Пациенттер жақсы орындалған операция немесе басқа манипуляция үшін жақсы дәрігерді немесе мейіргерді «Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты» қолдайтынын сезбестен ынталандыру қажет деп санайды. Медицина қызметкерлерінің басым бөлігі мұндай жағдайға үйреніп, олар болмаған жағдайда ренжіп, бұл қарым-қатынасты қуана қабылдайды.

«Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың» алдын-алу мақсатында медициналық ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың моральдық келбетіне, медицина қызметкерлерінің этика және деонтология қағидаттарын сақтауға, пациенттерге олардың әлеуметтік мәртебесі мен материалдық әл-ауқатына қарамастан объективті қарым-қатынасына немқұрайлы қарамайтын осы мәселемен ұдайы және әдістемелік түрде айналысу қажет.


Айтылғандардың негізінде, жиналыс ШЕШІМ етті:

1). Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының жүзеге асырылуы бағытында «Абай» Келес ауруханасы» ШЖҚ МКК-н мен және оған қарасты барлық медицина мекемелері қызметкерлерін осы хаттамамен таныстырылсын.

2). Қызметкерлерге ҚР 18.11.2015ж. №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын қатаң сақтау қажет екендігі түсіндіріліп, назарға алынсын.


3). Сыбайлас жемқорлық фактілері орын алған жағдайда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігінің 1424 Са11 орталығына хабарлап айту қажет екенін, қоңырау шалудың тегін, әрі құпия екенін және әрі қарай құзырлы орган өз әрекеттерін жүргізетіндігі түсіндірілсін.

Төраға:



Б.Сланов

Хатшылықта



Н.Мадиева